

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық мақсаты – қоғамның сұраныстарына және экономиканың индустриялық-инновациялық дамуына, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігуіне орай техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту.

Осындай бағытты ұстанған Алматы полиграфия колледжі қырық жылдан астам уақыт еліміздің полиграфия саласы үшін сапалы кадрлар даярлап келеді.

Экономиканы жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында колледждегі оқу үдерісі 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Кадрларды даярлау саласындағы әлеуметтік әріптестік – білім беру менеджментінің маңызды нысандарының бірі. Колледж «Дәуір» республикалық баспа-полиграфиялық кешені, «Атамұра» корпорациясы, Полиграфкомбинат ЖШС, «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы және ЖШС «Эдельвейс», «Іргетас», ЖШС «Technology of Imaging» ЖШС, «EasyPackPro» ЖШС баспаханалары секілді салалық алыптардан бастап, шағын кәсіпорындар мен ұйымдарды, қала мен елдің барлық полиграфиялық кәсіпорындарын серіктестік қатынастарға белсенді түрде тартады.



Қазіргі кезде елімізде Елбасы тапсырмасына орай кәсіптік және техникалық білім беру жүйесі жаңғыртылып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алды. Білім беру жүйесіне енгізілген түбегейлі өзгерістер осы саланың мазмұнын жаңартып, жаңа көзқарас туғызды. Қазіргі ғылыми-техникалық үрдістің үздіксіз, қарқынды дамуына байланысты білім беру жүйесінің алдына жаңа талаптар қойылып отыр. Осыған орай, ең бірінші, әлемдегі алдыңғы қатарлы өркениетті, бәсекеге қабілетті елдермен терезе теңестірудегі тұлға – жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру басты міндетке айналды. Кәсіби мамандарды дайындауда Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартын жүзеге асыруда ғылым мен білімді тәжірибемен ұштастыруға басымдық берілген.

Алға қойылған мақсаттарды орындау үшін полиграфия саласындағы шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнату өзекті мәселелердің бірі болды. Осылайша Алматы полиграфия колледжінде халықаралық қатынастар бөлімін құру қажеттігі туындады. Себебі колледж Ресейдің және басқа да бірқатар елдердің оқу орындарымен 2013 жылдан бастап халықаралық ынтымақтастық орнатқан. Мұндай қадам мамандарды даярлау сапасын арттыруға, техникалық базаны нығайтуға және дамытуға, оқытушылар құрамының шеберлігін арттыруға айырықша үлес қосты.



Бұл бөлімді қалыптастыру Алматы полиграфия колледжіне халықаралық білім кеңістігіне жол ашып, әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен байланыс нығайтылды. 2017 жылы бірлескен жұмыс жоспары әзірленіп, оқушылар мен педагогикалық құрам кәсіби конкурстарға, WorldSkills стандарттары бойынша және әдістемелік әзірлемелер байқауларына, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, семинарлар мен көрмелерге қатысу мүмкіндігіне ие болды. Халықаралық тәжірибенің өзектілігі оқу қызметін үйлесімді ұштастыру қажеттілігімен анықталады. Оның шеңберінде оқушылардың жеке даралығы, танымдық белсенділігі, өз бетінше ойлау қабілеті, стандартты емес міндеттерді шешу дағдыларын шығармашылық әрекеті арқылы дамыту мен олардың базалық білімі, біліктілігі мен дағдылары қалыптасады.

Алматы полиграфия колледжінің халықаралық қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, колледж Жарғысына, Халықаралық бөлім Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2016 жылдың 13-ші қаңтарында біздің колледжге «КАМА», «КБА», «ЗИКО», «POLAR», «HEIDELBERG», «КОЛБУС» және т.б. секілді полиграфия жабдықтарын жеткізуші әртүрлі фирмалардың 10 өкілдерінің делегациясы келген болатын. Олармен бірге Германияның Дюссельдорф қаласындағы «DRUPA» полиграфия жабдықтарының Халықаралық көрмесінің дирек-

торы Sabine Geldermann келді (1). 2016 жылдың ақпан айының 8 мен 12 аралығында И.Федоров атындағы Мәскеу баспа-полиграфия колледжінде полиграфия оқу орындарының арасында Х-шы Халықаралық фестивалі өтті. Біздің оқушыларымыз Седых Александр мен Адильбаева Ардақ 1-ші және 3-ші жүлделі орындарды иеленді. 2016 жылдың 19 сәуірінде біздің 3-14 топтың 2 курс оқушысы К. Васюренко «3D-принтер: мүмкіндіктер мен келешегі» тақырыбындағы баяндамамен Новосибирск (Ресей) қаласында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Алматы полиграфия колледжінде әлеуметтік серіктестіктің мол тәжірибесі қалыптасты, маман-

дарды даярлау мен үш жүз полиграфия кәсіпорындарымен тәжірибе базаларын ұсыну жайлы келісімшарттар жасалды, жыл сайын колледждің түлектерін жұмыс орнымен қамтамасыз ететін тұрақты серіктестері, олардың ішінде дамып келе жатқан «Атамұра» (полиграф-комбинат) корпорациясы, «Дәуір» республикалық баспа-полиграфия комплексі, Полиграфсервис секілді және т.б. кәсіпорындары бар.

2002 жылдан бастап колледж Қазақстан полиграфистер қауымдастығының (директоры Е.А. Люц) мүшесі атанды, ал 2010 жылы – ҚР баспагерлері мен кітап таратушылары қауымдастығының мүшесі (директоры Сейдуманов Ж.Т.), бұл өз ретінде жұмыс берушілердің арасындағы біздің беделімізді айқындай түседі. Осы әлеуметтік серіктестермен тұрақты байланыста бола отырып, колледждің педагогикалық құрамы өз жұмысын кәсіпорындарда одан әрі жұмыс істей алатын сала үшін нақты қажетті мамандарды шығара алатындай етіп атқарады.

Ынтымағымыз жарасқан ел болсақ, бірлігіміз, ырысымыз артады демекші, Иван Федоров атындағы Мәскеу мемлекеттік баспа университетімен ынтымақтастық туралы келісімге 2013 жылдың мамыр айында қол қойылды, осыған сәйкес біздің түлектер университетте оқуларын жалғастыра алады. Алматы полиграфия колледжі И. Федоров атындағы Мәскеу Мемлекеттік Баспа Университетінің өкілдігі болып табы-





лады. «Жақсы іс ізімен» дегендей, Тверь полиграфиялық колледжінің базасында Ресей Федерациясының көлемінде кітап және авторлық құқық күніне арналған «Авторлық басылымдағы менің алғашқы кітабым» тақырыбында студенттік жұмыстарының байқауы өтті. Алматы полиграфия колледжінің сырттай қатысуы конкурсқа халықаралық мәртебе берді. Сонымен қатар, «Заманауи индустриялық әлем жағдайында кәсіптік білім беруді дамыту перспективалары және халықаралық тәжірибені пайдалана отырып инновациялық даму мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстел. Дөңгелек үстел барысында білім беру мәселелері талқыланып, полиграфиялық оқу орындарының дүниежүзілік дөңгелек үстелімен, төрағасы Люк Боутерс мырза (Бельгия), осы саланың кадрларын даярлайтын оқу орындары арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралым еморандумға қол қойылды (2). Біздің бастамамыз бойынша полиграфиялық колледждердің халықаралық қауымдастығын құру туралы шешім қабылданды, оның шеңберінде тәжірибе алмасу, семинарлар, конференциялар, экскурсиялар өткізілетін болады, солардың бірі ретінде И. Федоров атындағы Мәскеу баспа-полиграфиялық колледжі мен Новосибирск баспа және ақпараттық технологиялар колледжі таңдап алынды.

Полиграфия жұмыскерлерінің білікті еңбегінің, бұқаралық ақпарат құралдары мен баспалардың беделін арттыру, осы салалардағы озық тәжірибелерді насихаттау мақсатында баспа өнімдері саласындағы маңызды мамандықтарды игеруге жастарға ықпал жасалды. 2017 жылдың 16 мен 20 қазақ аралығында Ресейдің Рыбинск полиграфиялық колледжінің базасында WorldSkills регламенті бойынша, «Графикалық дизайн», «Фотосурет» компетенциясы бойынша «Баспа өнері» халықаралық байқауы өтті. Байқау Ярослав облысының Білім департаментінің, Ресейдің ғылыми-техникалық қоғамының баспа жұмысшыларының, баспа ісі, полиграфия өндірісі мен баспа өнімдерін тарату саласындағы кәсіптік құзыреттілігі бойынша Кеңестің қолдауымен ұйымдастырылды. Біздің қатысушымыз Игорь Егоров WorldSkills компетенциясы «Үдерістері баспа технологиялары» бойынша жеңімпаз атанды. Үлкен сынақтан өтіп, бәсекеге қабілеттілігін байқатты.

Эстонияның Таллин политехникумының базасында «Үдерістері баспа технологиялары», «Графикалық дизайн», «Фотосурет» компетенциялары бойынша WorldSkills регламенті бойынша «Prin(t)ouch» халықаралық конкурс өтті. Біздің қатысушымыз Величко Илья Дмитриевич, «Үдерістері баспа технологиялары» компетенциясы

бойынша қатысып үшінші орынға ие болды.

Германияның Штутгарт қаласында 28 елдің қатысуымен баспа технологияларының апталығы өтті. Оған неміс елі тарапының шақыртуымен АПК директоры Б.А. Ахметов барып қайтты. Апталық барысында директор Александр Россаның атынан Штутгарт қаласының Медиа жоғары мектебімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Алматы полиграфия колледжіне ТМД кеңістігі аумағындағы «SinapsePrintSimulators» фирмасының өкілі Энн Кернер (Эстония) мырза келген болатын. АПК өндірістік оқу шеберлері мен студенттерге арналған «Кәсіптік оқыту сабақтарында SinapsePrintSimulators пайдалану мүмкіндіктері» мастер-классы өткізілді. 2018 жылдың 22 маусым мен 28 шілде аралығында АПК директоры Б. А. Ахметов Жапония баспа академиясына (Токио қ.) барып қайтқан болатын. HidekatsuHana академиясының төрағасымен кездесті. Кездесу барысында ынтымақтастық туралы келесімге қол жеткізілді. Студенттердің академиялық ұтқырлығы мәселесі талқыланды. Келесі жылында Алматы полиграфия колледжі Жапонияның баспа академиясынан келген қонақтарды күтіп алды. Тараптар өз оқу орындарын толық таныстырды, 3D-технологияларды жетілдіру мен білім беру мәселелерін талқылады. 3D-технологияларын зерделеу бойынша бірлескен Қазақстан-Жапон эксперименттік зертханаларының салтанатты ашылуы болды. «3D-технология» компаниясымен ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол коюмен қатар, АПК «LAB-751», «Баспа академиясы», «Europort» компанияларымен өзара қарым-қатынас жөнінде келісімге отырып, қазірде колледжімізде жапон тілін үйрену және каллиграфия курстары жұмыс жасауда. Жапонияның дипломатиялық миссия басшысының орынбасары, кенесшісі Окава Соитиро және мәдени миссия елшісі Харухи Комуралардың жыл басында колледжге келіп, алғышартты іс-шараларды ақылдасуы, қарым-қатынасты мәселелердің кең жол ашылуына себепкер болды.

Шанхай Баспа ісі және баспа колледжімен жасалған

№ 6 ынтымақтастық туралы меморандумның шарттарына сәйкес, біздің студенттердің алғашқы тобы Шанхай Баспа ісі және баспа колледжіне 10 күндік сапармен 2018 жылдың 11 маусымы мен 24 шілде аралығында барып қайтты. Алматы полиграфия колледжінің «Полиграфия өндірісі» мамандығы, «Техник-технолог» біліктілігі бойынша 14-15 топтың 3 курс студенттері «Шанхай Баспа ісі және баспа колледжіне» төмендегі тізімдегі оқушылар технологиялық практикадан өтуге жіберіліп отыр: Беляева Анастасия Геннадьевна, Билалова Милана Мамадагаевна, Дайрабаев Ермек Рысхожаулы, Рутгайзер Ильяс Ильич, Шепель Леонид Олегович. Топты халықаралық қызмет бойынша SPPC проректоры, «Болашақ» бағдарламасы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілі Берік Сүлейменов, Қазақстанның студенттер қауымының төрағасы

Алинұр Сұлтанбаевтар күтіп алды. Технологиялық практика бағдарламасы бойынша біз Қытайдың WorldSkills China іріктеу чемпионатына бардық. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде және «Өзара түсіністік және ынтымақтастық» негізінде полиграфия саласына кадрларды даярлаумен айналысатын оқу орындарының арасында 09.06.2017ж. № 6 Шанхай Баспа ісі және баспа колледжі мен 19.09.2018ж. және 28.09.2018 ж.аралығында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Алматы полиграфия колледжіне Шанхай Баспа ісі және баспа колледжінің «Полиграфия өндірісі» мамандығы «Техник-технолог» біліктілігі бойынша үш студент келген болатын. ШБІЖБК студенттеріне АПК директоры Б.А.Ахметов мырза сертификат ұсынды (6).

Төккен терге біткен жемісімізді айтып мақтан етсек, ШБІЖБК

студенттерінің 2016 және 2017жылы WorldSkills қола және күміс жүлдегерлері екендігі белгілі. ШБІЖБК әкімшілігі «Үдерістегі баспа технологиялары» компетенциясы бойынша АПК студенттерін өтеусіз негізде даярлауды ұсынды. Балалар 10 күннің ішінде симуляторларда – баспа тренажерларында жұмыс жасап, машиналарды калибрлеу жұмыстарын орындады және ШБІЖБК ректоры Чен Бин студенттерге сертификат табыстады. Біздің студенттерді ШБІЖБК WorldSkills қола және күміс жүлдегері дайындықтан өткізді. Қазіргі уақытта белсенді студенттерді көтермелеу үшін Студенттік туризм жобасы әзірленіп жатыр. АПК-да құрылған Студенттік кеңес өкілдері бізге келіп жатқан туристердің белсенді демалуын ұйымдастыруға дайын. Студенттер жатақханаға ақысыз негізде орналастырылуы мүмкін. Студент қоғамның ең белсенді бөлігі болғандықтан оларға барлығы қызық. Жаңалықтарды көптеп тануға, көптеген елдерге саяхат жасауға, жергілікті тұрғындармен танысуға және тұрмыс-тіршіліктері жайлы білуге құштар болып тұрады.

Замана көші алға озған сайын ғылым мен білімге деген талап күн санап өсіп келеді. «Білім – ырыс қазығы» дейді дана халқымыз. Білімді ұрпақ – ел болашағы халқымыздың қазынасы. Рухани мықты ұрпақ қана Тәуелсіз еліміздің туын биік ұстары анық. Солардың сапында біздің колледж ұжымы өз қызметін аямай көрсете береді деген сенімдемін.

Б. А. АХМЕТОВ,
*Алматы полиграфия
колледжінің директоры,
техника ғылымының
кандидаты*



АННОТАЦИЯ ○

Статья посвящена деятельности Алматинского полиграфического колледжа, который уже более сорока лет готовит кадры для сферы полиграфии Казахстана. Колледж имеет богатый опыт международного сотрудничества, налажены партнерские отношения с учебными заведениями различных стран.

